

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY**

ISSN 2224-5286

Volume 6, Number 408 (2014), 44 – 48

## **ELECTROCHEMICAL WAY OF RECEIVING SULFIDE OF ZINC**

**A. B. Bayeshov, A. E. Konurbayev, M. T. Sarbayeva**

JSC, D. V. Sokolskii Institute of Organic Catalysis & Electrochemistry, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail:

**Key words:** electrolysis, polarization, concentration, luminescence, zinc sulfide.

**Abstract.** In this scientific work in the first it is investigated process of electrolysis in sodium hydroxide of anode electrodes of zinc and it is gray - graphite cathodic electrodes. Isledovano influence of such parameters, as, current protnost, concentration of solution and temperature of electrolyte. Results of research showed on formation of sulfide of zinc.

УДК 541.13

## **МЫРЫШ СУЛЬФИДІН ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН АЛУ**

**А. Б. Баевшов, А. Е. Қоңырбаев, М. Т. Сарбаева**

«Д. В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы, Казахстан

**Тірек сөздер:** электролиз, поляризация, концентрация, люминесценттік қабілет, мырыш сульфиді.

**Аннотация.** Бұл ғылыми енбекте алғаш рет натрий гидроксиді ерітіндісінде мырыш аноды және құқірт-графит катоды электродтарын қолданып, гальваностатикалық жағдайда электролиз жүргізілген. Мырыш электродының электрохимиялық қасиеттеріне әртүрлі параметрлердің: ток тығыздығы, ерітінді концентрациясы және электролит температурасының әсері зерттелінді. Зерттеу нәтижелері мырыш сульфидін түзілетіндігі көрсетілді.


Мырыш сульфиді – ZnS люминесценттік қабілетке ие, бұл қасиеттің болуына құрамында өте аз мөлшерде металл құйіндегі мыс (жасыл түсті шағылысу), кадмий және күмістің (көк түсті шағылысу) болуы жеткілікті [1]. Осы қасиеттеріне орай мырыш сульфиді түрлі өндіріс салаларында және әртүрлі бағытта қолданыс тауып келеді. Атап айтсақ, түрлі-түсті киноскоп өндірісінде, рентген трубкаларында, шағылмалы бағдарларда және т.б. Жартылай өткізгіштік қасиеті негізінде, жартылай өткізгішті лазерлерде де жиі қолданады. Өндірісте алынған мырыш сульфиді өте таза және жоғары сапалы бола бермейді. Соңдықтан 100% -ды тазалықпен мырыш сульфидін алу үшін әдетте электрохимиялық әдіс қолданылды. Әдетте бұл әдіспен алынған металл тұздарының тазалығы жоғары болатындықтан химиялық реактив ретінде де пайдалануға болады.

Мырыш сульфиді ақ түсті ұнтақ. Суда ерімейді, ал ылғалды ауада мырыш сульфатына дейін тотықызыданады [2].

Мырыш сульфидін өндірісте құқіртті сутек газын мырыш тұздарынан өткізу арқылы алады. Дәл осындағы қосылысты, мырыш және құқірт ұнтақтарының қоспасына соққы толқындарымен әсер ету арқылы алуға да болады. Ал табигатта мырыш сульфиді сферит және вюрцит минералдары түрінде кездеседі. Мырыш сульфидінің негізгі шикізат көзі болып осы сферит болып табылады [3].

Тәжірибелер сыйымдылығы 200 мл термостатталған электролизерде, ерітіндін араластырусыз 60 °C температурада жүргізілді (1-сурет). Электролит – NaOH ерітіндісі. Электродтар ретінде –

тазалығы 99,98% болатын мырыш және (50:50 қатынасындағы) күкірт-графиттен тұртын композициялы электрод қолданылды [4]. Күкірт-графит және мырыш электродтары тығыз тоқылған арнайы мата қапшыққа салынды. Түзеткіштен алынатын ток мөлшері лабораториялық трансформатор (ЛАТР) арқылы реттеліп отырды. Электролиз ұзақтығы – 3,0 сағат. Металл электродының салмағының өзгеруіне және ерітіндідегі түзілген тұнбаның мөлшеріне қарап, олардың ток бойынша шығымдары есептелінді.



1-сурет – Мырыш сульфидін алуға арналған қондыргының құрылышы:  
1 – мырыш электроды; 2 – күкірт-графит композициялы электроды ( $S:C = 50:50$ );  
3 – электролит ( $NaOH$ ); 4 – термостатталған электролизер; 5 – арнайы жасалған мата қапшық (диафрагма)

Анодта мырыш электроды тотығып  $Zn^{2+}$  иондарын түзе ерітіндіге өтеді:



Ал, катодта күкірт тотықсыздынып, полисульфид иондарын түзе ерітіндіге өтеді:




Нәтижесінде, мырыштың катиондары сульфид аниондарымен ерітінді көлемінде әрекеттесіп, мырыш сульфиді қосылысы түзіледі:




Концентрациясы жоғары сілтілі ерітінділерде мырыш иондары сілтілі ортадағы гидроксид-иондарымен қосылып, цинкатты қосылыстар түзілуі мүмкін:  $Na[Zn(OH)_3]$ ,  $Na_2[Zn(OH)_4]$ .


Мырыш сульфиді тұнбаның түзілуіне (а) және мырыш электродының (б) еруінің ток бойынша шығымдарына электродтагы ток тығыздығының эсері 50-250 A/m<sup>2</sup> аралығында зерттелінді (2-сурет). Тізбектен өткен токтың тығыздығы артқан сайын мырыш сульфидінің түзілуінің және мырыш электродының еруінің ток бойынша шығымынан жоғарылағанын байқауға болады.

Мырыш электродынан 100% жоғары ток бойынша шығыммен еруі, мырыш электродының химиялық (4) және (5) реакциялары бойынша да еруімен түсіндіріледі. Мысалы, мырыш электроды натрий гидроксидінің концентрациясына байланысты тәменгі реакциялар бойынша  $NaOH$ -мен әрекеттесе алады:



Сілтілі ерітіндіде күкірт, сілті концентрацияларына байланысты тәменгі химиялық реакциялар нәтижесінде әрекеттеседі [6]:





2-сурет – Мырыш сульфидінің (а) түзілуінің және электродтың еруінің (б) ток бойынша шығымына электродтардағы ток тығыздығының әсері:

$C_{NaOH} = 2,5\text{M}$ ;  $\tau = 3,0 \text{ саг}$ ;  $t = 60^\circ\text{C}$




$\text{Na}[\text{Zn}(\text{OH})_3]$  және  $\text{Na}_2[\text{Zn}(\text{OH})_4]$  цинкат комплекстерінің тұрақсыздық константасының мәндері сәйкесінше  $4,3 \cdot 10^{-15}$ ,  $4,3 \cdot 10^{-16}$ -ға тең, ал мырыш сульфидінің ерігіштік көбейтіндісінің мәні  $7,4 \cdot 10^{-27}$  [7], сол себепті мырыш цинкаты құрамындағы мырыш ионы күкірт сульфиді және полисульфид иондарымен әрекеттесіп, мырыш сульфиді түзіледі.

Натрий гидроксидінің концентрациясы артқан сайын  $\text{ZnS}$  тұнбаның түзілуінің ток бойынша шығымы (а) алғашқыда жоғарыладап, соナン соң аздап төмендейді. Бұл құбылысты, мырыш цинкатты оксокомплекстерінің түзілуімен байланысты деп түсіндіруге болады. Шамасы мырыш цинкатты оксокомплекстердің түзілуі, мырыштың активтілігін төмендетіп, оның сульфидінің түзілу жылдамдығын төмендетеді. Ал мырыштың цинкатты комплексінің түзілуі оның еруі жылдамдығын, демек еруінің ток бойынша шығымын жоғарылатады. Сол себепті металлдың еруінің ток бойынша шығымы (б) 350%-ға дейін жетеді.


Мырыш және композициялы күкірт-графит электродтарын натрий гидроксидінің сулы ерітіндісінде поляризациялағанда: мырыш сульфидінің  $\text{ZnS}$  түзілуінің және мырыштың еруінің ток бойынша шығымына электролит температурасының әсері  $20-60^\circ\text{C}$  аралығында қарастырылды (4-сурет). Электролит температурасының артуымен,  $\text{ZnS}$  түзілуі мен мырыштың еруінің ток бойынша шығымы алғашқыда артып, соңынан төмендейді. Шамасы, бұл кезде ерітіндідегі разрядталған иондардың диффузиялық қозғалысының артуы, мырыш электродының өз сульфиді қабатымен толық қаптауының нәтижесінде деп жорамалдауға болады. одан басқа температура жоғарылаған сайын сутегі және оттегі газдарының бөліну аса кернеулігінің төмендейтіндігін де ескеру керек.

Ерітіндідегі түзілген тұнбаны сүзіп, жуып-шайғаннан соң, жабық ыдыста кептірілген ақ түсті ұнтақты рентгено фазалық анализен анықтағанда, зерттеу нәтижелері,  $\text{ZnS}$  қосылысының түзілетіндігін көрсетті (сурет-5).


Барлық рефлекстер мырыштың (II) сульфидінің фазаларына сәйкес:  $3.12_x$ ;  $1.90_5$ ;  $1.63_4$ ; (ASTM 39-1363)  $3.00\text{A}^0$ ;  $1.85\text{A}^0$ ;  $1.63\text{A}^0$ .



3-сурет – Мырыш сульфидінің түзілуінің (а) және мырыштың еруінің (б) ток бойынша шығымына натрий гидроксиді концентрациясының әсері:  
 $i = 50 \text{ A/m}^2$ ;  $\tau = 3,0 \text{ сар}$ ;  $t = 60^\circ\text{C}$



4-сурет – Мырыш сульфидінің түзілуінің (а) және мырыштың еруінің (б) ток бойынша шығымына электролиз уақытының әсері:  $C_{NaOH} = 2,5 \text{ M}$ ;  $i = 50 \text{ A/m}^2$ ;  $t = 60^\circ\text{C}$



5-сурет – Электролиз нәтижесінде түзілген қосылыстың ренгено фазалық анализ (РФА) нәтижесі

Сонымен, жүргізілген ғылыми жұмыста алғаш рет, натрий гидроксиді ерітіндісінде мырыш аноды және құқырт-графит катоды электродтарын қолданып, гальваностатикалық жағдайда электролиз жүргізгенде мырыш сульфидінің түзілетіндігі анықталды. Бұл зерттеу нәтижелері негізінде таза мырыш сульфидін алуға болатындығы көрсетілді.

#### ӘДЕБІЕТ

- [1] Карапетьянц М.Х., Дракин С.И. Общая и неорганическая химия: учебник. – М.: Высшая школа, 2000. – 592 с.
- [2] Горбунов А.И. и др. Теоретические основы общей химии: учебник. –М. : Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2004. – 777 с.
- [3] Greenwood N.N., Earnshaw A. Chemistry of the Elements. – 2<sup>nd</sup> ed. –Oxford: Butterworth-Heinemann, 1998. – 1340 p.
- [4] Баевшов А., Конурбаев А., Иванов Н. Способ изготовления серографитового композиционного электрода // Иннав. патент РК № 28116, блд. № 2, 2014.
- [6] Справочник химии. – Т. 3. – М-Л.: Химия, 1964. – 1205 с.
- [7] Башов А., Жданов С.Н., Тулебаев А.К. и др. Электрохимия серы и ее соединений. – Алматы: Гылым, 1997. – 160 с.

#### REFERENCES

- [1] Karapetyants M.H., Drakin S.I. Obshaya i neorganicheskaya himiya. M.: 2000. P. 592 (in Russ).
- [2] Gorbunov A.I. Teoreticheskie osnovi obshey himii. M., 2004. P/ 777 (in Russ).
- [3] Greenwood N.N., Earnshaw A. Chemistry of the Elements. 1998. P. 1340 (in Engl).
- [4] Bayeshov A., Konurbayev A., Ivanov N. Sposob izgotovleniya serografitovoy kompozisionnogo electroda. Patent RK N 28116, bulletin N 2, 2014 (in Russ).
- [6] Spravochnik himii. M-L., 1964. P. 1205 (in Russ).
- [7] Bashov A., Zhdanov S.N., Tulebayev A.K. i dr. Electrokhimiya seri i eyo soedinenii. Almaty, 1997. P. 160 (in Russ).

### ЭЛЕКТРОХИМИЧЕСКИЙ СПОСОБ ПОЛУЧЕНИЯ СУЛЬФИДА ЦИНКА

**А. Б. Баевшов, А. Е. Конурбаев, М. Т. Сарбаева**

АО «Институт органического катализа и электрохимии им. Д. В. Сокольского», Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** электролиз, поляризация, концентрация, люминесценция, сульфид цинка.

**Аннотация.** Впервые показано, что при поляризации цинкового анода и сера-графитового композиционного электрода и проведении электролиза в щелочном водном растворе формируется осадок сульфида цинка. Исследовано влияние таких параметров, как, плотность тока, концентрация раствора и температура электролита на образование сульфида цинка.

Поступила 12.11.2014г.